

*Е. М. БАЙМҰХАНОВ, ҚР ИМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАҢДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ, САЯСИ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ*

БАҚ-ТЫҢ САЯСИ САНАҒА ӘСЕР ЕТУІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев БҰҰ-да мың жылдық саммитте сөйлеген сөзінде: «әлем жаһандануда, бір-бірімен тығыз байланыста, бұл ретте негізгі принцип жаһандану серіктестігі болу керек» деп ой түйіндеді. Құқықтық демократиялық мемлекет құруды және нарықтық экономикаға көшуде мемлекет пен қоғамның басты тұғырларының бірі болып бұқаралық ақпарат құралдарын айтуға болады. Қоғам мен мемлекеттің, мәдениет пен ғылымның және әлеуметтік қатынастарды саяси биліктің дамуына ерекше үлес қосатын ақпараттар жүйесі екені баршаға аян. Қазіргі таңда ақпараттық жүйелердің классикалық түрлерінен басқа, жоғарғы технологиялар түрінде дамыған ақпарат көздері де, ақпараттық қатынастарда орын алуда. Қазіргі біз өмір сүріп отырған «постиндустриалдық» кезеңде ақпараттар ағымының рөлі ерекше, соның ішінде «егер кімде-кім ақпараттар ағымын қолда ұстаса, онда ол адам бүкіл жағдайды уысында ұстайды» деген мәтел бар. Бұның басты қағидаты жаһандану кезеңіндегі өмір сүріп отырған адамдарға, мейлі ол бизнесте болсын, мемлекет басқаруда болсын, тіпті жұмыссыз үйде отырғандарға да ақпараттар қажет. Ол біріншіден, әлемдегі болып жатқан процестер, саяси оқиғалар және өз елінде болып жатқан әртүрлі әлеуметтік, экономикалық үрдістер жиынтығын білуі шарт. Егерде бұндай үрдістерге адам мән бермесе онда өмірдің ағымына тыс қалу қаупі бар. Қоғамның қарқынды даму барысында ақпараттық жүйелер негізінде билік пен қоғамды, әлеуметтік топтар мен саяси элитаны, қоғам процестеріндегі жастарды, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстарды байланыстыратын құрал екені жасырын емес.

Осы мәселелер бойынша Ю. Б. Кашлев былай дейді: «қоғамдық жаһандануда санаға ақпараттардың әсер етуінің бір көрінісі ретінде теледидар өрісінің артуымен байланыстыруға болады. Мысалы,

XX ғасырдың 50-ші жылдарында телетрансляцияны 5 ел ғана жасаса, XX ғасырдың 90-жылдары басында әлемді барлық елдер өз теле толқынын таратуға мүмкіндік алған». Теледидардың бұлай үрей туғызуы психологиялық факторлармен түсіндіруге болады:

1. Кеңес дәуірінде теледидардың тек қана мемлекет ұстанымын білдіретін және қоғамдағы ресми ақпарат тарататын негізгі күш екені, сонымен бірге адамдардың, оның ішінде орта буын өкілдерінің санасында қалып қойған.

2. Телевизияның газет-журналдардан айырмашылығы әртүрлі құралдар арқылы ақпаратты және өте тез уақытта тұтынушыларға жіберуінде, сонымен бірге болған оқиғаларға журналистер тез арада барып, кейбір кезде тікелей эфир таратуында.

3. Адам теледидардағы кадрлар, журналистердің түсіндірмелері арқылы өзін сол оқиғаның бір кейіпкері ретінде сезініп, оның санасына ақпараттар тез жетеді.

4. Телевизияны бұқара халыққа ақысыз көру мүмкіндігі.

5. Теледидарды көргенде адамның қасиеттері көру, есту қабілеттері арқылы тез қабылданып, ұғымға ақпарат тез енеді. Осының негізі ретінде теледидардағы қантөгіс, зорлық-зомбылық жастардың санасына күрделі түрде ықпал жасайтыны белгілі. Мысалы, қантөгісті көрген жас жеткіншектердің санасында қандай да болсын оқиға да қан төгіссіз болмайды және қоғамдық қарым қатынаста мемлекеттік құқық қорғау органдары шарасыз болғандықтан, кейіпкер мәселелерді өзі жеке шешеді дегенге сайады. Бұл тенденция кеңес үкіметі құлағаннан кейінгі көрініс беріп отырған жайттардың біреуі ғана. Қазіргі таңда жастарды, жас жеткіншектерді қоғамда қабылданған қағидалармен қатар, БАҚ өзіндік бағыт ұстанған аян. Бұл бағыт қоғамдық сананы реттеуші құрал екені айқын. Олай дейтін себебіміз Масс-Медиа құралдарының басты қызметтерінің бірі қоғамдық пікірді қалыптастырып қана қоймай, оны реттеп отырады. БАҚ мемлекеттен бөлінуі және жекешеленген телеарналардың, газет-журналдардың пайда болуы және қалыптасуындағы стереотипті бұзып, өзіндік өзгешелік әкелді. Мысалы: ақпарат құралдары кеңес үкіметі кезінде негізінде ақпарат таратушы құрал ретінде болса, қазіргі таңда оның ішінде көңіл көтеретін бағдарламалар, әртүрлі эзіл-ойын кештері, музыка және т. б. бар. Бірақ көңілге кірбің ұялататын мәселелерде жоқ емес. Соның ішінде қан төгісті көрсететін және порнография, эротика бағдарламалары бар екенін білеміз. БАҚ беретін көріністер арқылы адамдардың дүниетанымы өзгереді және кейбір кезде теледидардан көрсетілетін әртүрлі бағдарламалар арқылы неше түрлі ой қалыптастырады. Олай дейтін себебіміз теледидардағы террористік актілер, жарылыстар, ұсақ әртүрлі соғыстар, сепаратистік бас көтерулер қоғамда және саяси санада өзінше реакция туғызады. Бұл реакция арқылы ақпараттық құралдар адамдардың сана сезіміне өз мақсатын іске асыру үшін әртүрлі манипуляцияларға баратыны анық және оның мынандай себептері бар:

1. Кейбір БАҚ-тан келіп түскен ақпараттарды өндемей, осы өңделмеген күйінде тұтынушыларға таратады.

2. Дәлелденбеген ақпараттар арқылы, яғни, жансақ пікірлерді алдыға ала отырып, ақпараттар тарату. Соның есебінен қоғамда қандай да болсын оқиғаға байланысты әртүрлі пікірлер туғызады. Бұл тәжірибе жүзінде дәлелденген. Мысалы, баспа және телевизиялық ақпараттарды тұтынушылардың 13-14 % көрген, естіген. Қоғамдық саяси ақпараттарды саяси тапсырыс екенін анықтауға болады. Бұл саяси ақпараттардың санаға сінуіне БАҚ әдейі немесе арнайы емес ықпал жасайды.

Жалпы еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарың дені саяси және әлеуметтік оқиғалар туралы хабарламалар таратуда және оларға тән өзіндік сипаты бар. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан — 2030» даму стратегиясында көрсетіп кеткендей, бұқаралық ақпарат құралдары көптеген ұлттар мен ұлыстарды біріктіретін күш ретінде қарастырылуы керек.